

**"2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 192 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**Күшін жойған**

Қызылорда облыстық мәслихатының 2010 жылғы 19 шілдедегі N 245 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2010 жылы 21 шілдеде N 4253 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облыстық мәслихатының 2011 жылғы 26 қаңтардағы N 1-55М хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облыстық мәслихатының 2011.01.26 N 1-55М хатымен).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне , "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 192 шешіміне ( нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4239 нөмірімен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" газетінің 2010 жылғы 7 қаңтардағы 3 -4 санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған шешімнің 1-қосымшасындағы:

"2. Шығындар" жолындағы:

"Денсаулық сақтау" 5-функционалдық тобындағы:

"Облыстың денсаулық сақтау басқармасы" 253-бюджеттік бағдарлама өкімшісі бойынша:

"Туберкулезден, жұқпалы және психикалық аурулардан және жүйкесі бұзылуынан зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету" 009-бағдарламасындағы "3 316 798" деген сандар "3 259 187" деген сандармен ауыстырылсын;

"Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, халыққа амбулаторлық-емханалық көмек көрсету" 010-бағдарламасындағы "4 336 155" деген сандар "4 393 766" деген сандармен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Басқалар" 13-функционалдық тобындағы:  
"Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" 265-бюджеттік  
бағдарлама әкімшісі бойынша:  
"630 108" деген сандар "433 308" деген сандармен ауыстырылсын;  
"Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы шеңберінде индустриялық  
инфрақұрылымды дамыту" 017-бағдарламасы алынып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарлама әкімшісімен толықтырылсын:

271		"Облыстың құрылыс басқармасы"	196800
	051	"Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	196800

"Көлік және коммуникация" 12-функционалдық тобындағы:  
"Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" 268-  
бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:  
"Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне өңірлік  
жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру  
шеңберінде аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қалалар мен елді  
мекендердің көшелерін жөндеуге және ұстауға республикалық бюджеттен  
берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" 015-бағдарламасындағы "1 644 950"  
деген сандар "1 628 776" деген сандармен ауыстырылсын;  
мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

	013	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын, қала және елді-мекендер көшелерін жөндеу және ұстау	16174
--	-----	---	-------

2. Осы шешім 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және жариялауға жатады.

*Қ ы з ы л о р д а                    о б л ы с т ы қ*  
*м ә с л и х а т ы н ы ң                    к е з е к т е н                    т ы с*  
*XXX сессиясының төрағасы                    А. Әлназарова*  
*Қ ы з ы л о р д а                    о б л ы с т ы қ*  
*м ә с л и х а т ы н ы ң хатшысы                    Н. Құдайбергенов*